**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

<u>«Шуақ» ортаңғы тобы</u>
Балалардың жасы: <u>3 жас</u>
Тақырып: <u>«Ас атасы-нан»</u>
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.04.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балалардынан,нан өнімдерінің атауларымен таныстыру, нан туралы тақпақ жаттату.Дән тұқымымен танысу,бидайдан нан жасалынатынын айта отырып,дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен,қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру.Диханшылардың еңбегімен таныстыру.Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>v Жылдың неше мезгілі бар?<br>v Кәне атап шығайық.<br>v Далада ауа-райы қалай?<br>*Тілдік дамытушы орта:* Ортақ тақырыпта әңгімелесу. Өз бетінше кітаптарды қарауға , өтініш, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.<br>Балалар біздің бүгінгі іс-әрекетіміз ас атасы нан туралы болмақ.Балалар біздің дастарханымызға нан оңай келмейді екен,міне жоғарыда айтқандай үлкен еңбекпен келеді екен.(Жоғарыдағы суреттерді жекелеп қайталап түсіндіру)<br>· Ал сендер күнделікті жеп жүрген нанды біз қайдан аламыз?<br>· Аспазшы апай сендерге нанды қалай пісіретіндігін көргілерің келеді ме? (Аспазшының нан ашыту,қалыпқа салу,пешке пісіруін видео арқылы көрсету)<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* «Ұ» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>«Кімкөпсөзойлап табады»<br>Бұлойынөткентақырыптардыбекітуге,ойлау қабілеттеріндамытуға және дыбыстарды ажыратуға көмектеседі.<br>Балаларғақазақтілідыбыстарына«ң»сөзойлаптабукерек. Дұрыс, анық айтқан бала ұпай алады. Кім көп ұпай алса сол жеңеді.<br>*Сөздік қор:* Баланың сөздік қорын дамытуда ма0ал-м2тел жаттауға баулу.<br>Дидактикалық ойын: «Ұннан жасалған тәттілерді тап»<br>Ойынның шарты: Ұннан жасалған тәттілерді нан,тоқаш,печенье,торт т.б нан түрлерін көп суреттер ішінен тауып,сипаттау.<br>Міне балалар нан жеу үшін қаншама еңбек ету қажет.Нан еңбекпен келеді.Енді осы еңбек туралы мақал-мәтелді,тыйым сөздерді еске түсірейікші.<br>Нан-өмірдің ана сүті, арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар. |

| | |
|---|---|
| | -Балалар сендер нанның біздің ақ дастарханымызға қалай келетінін білесіңдер ме?<br>-Нандынеденпісіреді?<br>-Ұндынеденжасайды?<br>-Балалардихансөзінқалайтүсінесіңдер?<br>Сергітусәті<br>Жайқаладыақбидай,<br>Басыниіпаққудай.<br>Трактор мен комбайн<br>Жүргізуге мен дайын<br>Сергітусәтінқимылменжасайды.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар,кел,айт)<br>*Байланыстырып сөйлеу:*Шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>Сөздік жұмыс жүргізу.<br>-Балалар мына суреттен нанның қандай түрлерін көріп тұрсыңдар?Атап беріңдер<br>-Нан туралы қандай тақпақ білесіңдер?<br>Балалар өздері білетін тақпақтарын айтады<br>Жарайсыңдар балалар бүгінгі « Ас атасы-нан» туралы оқу қызметіне жақсы қатыстыңдар!<br>ҰОҚ қорытындылап сұрақ қою.<br>Күтілетін нәтиже: Түрлі әрекеттерде өзінің әрекетін түсіндіреді. Еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетуге тырысады.Заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Ғарыш сапары» ойын-сауық |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | «Ойлантап,қандай дыбыс»<br>Бұлойынныңмақсаты:Дыбыстардыдұрыс,анықайтуғажаттықтыру.<br>Мынасуреттергеқара,олардыңаттарықандайдыбыстанбасталады?<br>«қоян,қасқыр,қолғап,қарға»т.с.с. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Данабала»республикалықғылыми-ақпараттықжурналына(әдістемелікматериалдарайдары)пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Ата-аналармен әңгімелесу. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Шуақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.04.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларды жәндіктердің атаулары мен таныстыру.Сөздік корларын молайту.<br>*Тілдік дамытушы орта:* дербес әрекеттерде ауызекісөйлесуге ,ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу.<br>Бүгін біздер жәндіктермен танысамыз.<br>- Қандай жәндіктерді білесіңдер? (Слайд арқылы жәндіктерді көрсетеді.)<br>Ұшатын жәндіктер, ұшпайтын жәндіктер, бауырымен жорғалайтын жәндіктер, сулы жерде өмір сүретін жәндіктер, құрғақ жерде өмір сүретін жәндіктер шағатын жәндіктер, шақпайтын жәндіктер адамдарға пайдасын тигізетін жәндіктер болып бөлінеді.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* төл дыбыстарды өздігінен дұрыс және көрнекіліксіз айтуға жаттықтыру.<br>**«Ө»,«І»–дыбыстарына арналған фонетикалық ойын.**<br>Бір күні қоян үлкен, тәтті сәбіз тауып алып, оны жей бастайды. Жақын маңда кәрі аю тұратын. Міне, керемет?! Сәбізді жеп отырған қоянды көре сала, оның да сәбіз жегісі келді. Қоян өте мейірбан көрші болатын,сондықтандааюғасәбізіненбөліпберді.Ал,тәттіқұмараюөзініңкарттығын ұмытып кеткен болуы керек, сәбізді жей бастады. Бір уақытта оның тісі ауыра бастады. Табанын оң жақ бетіне қойып: «ө-ө» ыңырай бастады. Қоян аюдың ауырғанына күлкісі келіп,аюды «і-і-і» деп мазақтай бастады. Бір уақытта не болғанын түсініп аюға көмектесті.Балалар, ендеше, біздер де тісіміз ауырып тұр деп елестетейік, тісімізді басып аю мен қоян секілді айтып көрейік.Осы дыбыстарды дұрыс айтуға көмектескен аю мен, қоянға рахмет айтайық. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйретуге бағытталған ойындар мен жаттығуларда, баламен жеке жұмыс жасауда дыбыстарды дұрыс айтуға ерекше көңіл бөлінуі керек. Себебі: бір бала ол дыбысты айта алмайды, екінші бала дыбысты айтқанмен сөз ішінде анық айта алмайды, үшінші бала дұрыс, анықайтады. Дыбыстың қиындығынақарайбалаларды әр топқа бөліп кезекпен айтқызған жөн. Есту қабілеттерін жетілдіруге, сөз ішіндегі дыбыстарды анық айтуға ұсынылатын ойындар<br>*Сөздік қор:* Жәндіктер мен қосмекенділер туралы айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Ендеше менің сендерге арнап дайындап қойған екі түрлі тапсырмаларым бар.<br>Мен сендерге жұмбақ жасырамын, дұрыс шешімін тапсаңдар қандай тапсырма екенін білесіңдер. |

| | |
|---|---|
| | **Жұмбақ**<br>Үстіндегі көйлегі<br>Түрлі - түсті не керек,<br>Қызықтырар көргенді.<br>Мұның аты....... ***Көбелек***<br>**Балалар:** Көбелек<br>*«Сары» топтың тапсырмасы.*<br>Жарайсыңдар, дұрыс айтасыңдар бұл көбелек. Көбелек ұшатын жәндік түріне жатады. Демек сендер көбелекпен жұмыс жасайсыңдар.<br>Көбелектің түсіне қарай ермексазды жабыстырамыз. Және сол ермексаздың үстіне түсіне қарай түтікшелерді орналастырамыз.<br>*«Қызыл» топтың тапсырмасы.*<br>**Жұмбақ**<br>Гүл ұшып гүлге қонады<br>Гүлдерім қызылды, қара болады. *Ханқыз*<br>Балалар: Ханқыз<br>- Дұрыс бұл ханқызы. Ханқызы да ұшатын жәндік. Сендер ханкызының түсіне қарап ермексазды жабыстырасыңдар. Ермексаздың үстіне түсіне қарай қақпақтарды және түтікшелерді орналастырамыз.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуға ,оларды көпше түрде қолдануға үйрету<br>Көбелек көпше түрде кө-бе-лек-тер жіңішке сөз.Түбірі көбелек.<br>*Байланыстырып сөйлеу:*тақырыпқа байланысты әңгімелесе білуге баулу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Пішініне қарай орналастыр»<br>**Мақсаты:** Пішіндерді ажыратуға үйрету.<br>Күтілетін нәтиже: Өзін қоршаған ортағы құбылыстар туралы біледі.Жұмбақты жатқа айтады.Ұжымдық әңгімеге қатысады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Жырлаймын Отанымды» мәнерлеп оқуға дайындау. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | «Ойлантап,қандай дыбыс»<br>Бұлойынныңмақсаты:Дыбыстардыдұрыс,анықайтуғажаттықтыру.<br>Мынасуреттергеқара,олардыңаттарықандайдыбыстанбасталады?<br>«қоян,қасқыр,қолғап,қарға»т.с.с. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Данабала»республикалықғылыми-ақпараттықжурналына(әдістемелікматериалдарайдары)пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата- | Ата-аналармен әңгімелесу. |

| | |
|---|---|
| аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | |
| | Қазақ тілі мұғалімі: Дауқұл |

Дипломері-ер

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Шуақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Киіз үй»
Жоспардың құрылу кезені: 25.04.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Қазақ халқының ежелгі тұрмысы туралы білуге қызығушылықтарын оятып, жайлау, киіз үй туралы түсінік беру.<br>Шаттық шеңбері:<br>Дөңгеленіп тұрайық<br>Керегені құрайық.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп Киіз үйді құрайық.<br>-Міне, сіздермен біз үлкен киіз үйді құрдық. Осы киіз үй сияқты біздің балабақшамыздың қабырғалары мықты болып, шаңырағы биік болсын дегім келеді.<br>*Тілдік дамытушы орта*: көрнекіліксіз өзіне айтылған сөздерді түсінуге баулу.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* төл дыбыстардың дұрыс айтылуын нақтылау, бекіту.<br>*Сөздік қор:* тақырыпқа байланысты мақалды жаттап мәнерлі айтуды, тыңдап түсіне білуге үйрету.<br>Сергіту сәті:<br>Шеңбер болып тұрамыз<br>Керегені құрамыз,<br>Уық болып иіліп,<br>Шаңыраққакиіліп.<br>Достық үйін құрамы<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* жуан және жіңішке сөздерді ажыратуға үйрету.<br>Жуан *дауысты дыбыстарды меңгертіп, ажырата білуге үйрету.*<br>*Байланыстырып сөйлеу:* еңбек әрекеті туралы әңгімелесе білуге баулу.<br>Киіз үймен таныстыру. (сурет)<br>-Балалар,қараңдаршы мынау ненің суреті?<br><br>-Киіз үй қандай?<br>-Киіз үйдің сыртында оюы бар ма? Киіз үй – мал баққан көшпелі халықтардың қысы - жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады.Қыста жылы, ал жазда салқын болады. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әртүрлі болады.Киіз үйдің негізгі қаңқасын киіз үйдің сүйегі деп атайды. |

| | |
|---|---|
| | Суреттен киіз үйдің құрылысын әңгімелеу.<br>«Киіз үйді құрастыр» дидактикалық ойын<br>Күтілетін нәтиже: Өзін қоршаған ортағы құбылыстар туралы біледі.Жұмбақты жатка айтады.Ұжымдық әңгімеге қатысады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Ертегілер сыр шертеді» ертегі тыңдату |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Қазақ тілін үйретуде әңгімелесу әдісі мен көрнекілік әдісі бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Педагог барлық қажетті заттарды,құбылыстардыбалаларменбіргебақылайотырып,«Мынауне?», «Мынаукім?»дегенсұрақтарқойыпбекітіпотырады,«Мынау»сілтеу есімдігін көрсетіліп тұрған нысанмен тіркестіріп айтқызу (Мынау-орындық). |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Данабала»республикалықғылыми-акпараттықжурналына(әдістемелікматериалдарайдары)пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кітаптарға шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

<u>«Шуақ» ортаңғы тобы</u>
Балалардың жасы: <u>3 жас</u>
Тақырып: <u>«Бір шаңырақ астында»</u>
Жоспардың құрылу кезеңі:02.05.2024 ж.

<table>
<tr>
<td>Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы</td>
<td>Балалардың өз Отанына,туған жеріне деген түсініктерін кеңейту. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту.<br>
Сәлеметсіздер ме балалар!<br>
1-мамыр – Қазақстан халықтарының ынтымағы мен бірлігі мерекесі құтты болсын!<br>
Бүгін ерекше күн өйткені 1- мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі қарсаңында «Достық пен бірлік мерекесі» атты сабағымызды өткізіп отырмыз.<br>
Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен.Олардың салт – дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған.<br>
<u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> тақырыптық сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру «ә», «ө», «қ»,«ү», «ұ»дыбыстарының артикуляциясын, дұрыс айтуын нақтылау және бекіту.<br>
«Ү»дыбысына:Жүгіркәнекүнім,<br>
Тосыпотырінің.<br>
«Ә,Ө»дыбысына:Әсеткелдіәне<br>
Көрсетөнер қәне.<br>
<br>
<u>Сөздік қор:</u> баланың сөздік қорын дамытуда достық туралы тақпақ жаттату.<br>
<br>
Мнемокестелербойыншаәндердіжаттау<br>
</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | Ортақмекенжершары,<br>Төбемізде бір аспан,<br>Барлық ұлттың баласы-<br>Достығымыз жарасқан!<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* өз бетімен жай сөйлем құрастыруға, сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>Қане балалар бәріміз экранға қарайық.<br>Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады.Қазақстан көп ұлтты мемлекет.Олар өз елдерінде болмасада,Қазақтардың елін-елім деп, жерін- жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде.<br>Әлем халықтарының тату-тәтті бейбітшілікке,ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі.Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* достық туралы суреттерін қарастыра отырып әңгімелеп беруге дағдыландыру.<br>Дидактикалық ойын:«Шаңырақ»<br>Күтілетін нәтиже: тақпақтарды жатқа айтады.Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады.Сөз тіркестердің мәнін түсінеді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Әрқашан күн сөнбесін!» ертеңгілікке балалар дайындау |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | **Кімтезтабады?»**<br>Бұл ойынның мақсаты: Естіген сөзде қазақ тілі дыбыстары бар жоғын ажырату (ә, і, ү, ұ, қ, ғ, ө, ).<br>Мен дыбыстарды айтып тұрамын, егер сөзде қазақ тіліне тән дыбыстар естілсе, алақаныңды соқ:<br>О-Ұ-Ү-Ө-Ү-У-О-Ү |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілікоқу бағдарламасына нұсқаулық»пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кітаптарға шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: Дауіру |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Шуақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Тағамдар»
Жоспардың құрылу кезені:16.05.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Тағам атауларымен таныстыру. Тағаматауларыментаныстыраотырып,пайдасын айту.<br>-Сәлеметсіңдер ме, балалар?<br>-Амандасудың түрлерін қайталаймыз.<br>-Сәлем! Сәлеметсің бе! Сәлеметсіз бе! Сәлеметсіздер ме!<br>-Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы кеш! Кеш жарық! Қош келдің!<br>-Сау бол! Сау болыңдар! Сау болыңыз! Сау болыңыздар! Қош бол! Аман бол!<br>-Балалар қандай сөздерді қайталадық?<br>- Адамдар қалай сәлемдесу керек?<br>-Күліп амандасу керек!<br>Дұрыс, адамдар күлгенде , бір-біріне күлкі, қуаныш сыйлайды!<br>Кел, балалар, күлейік! (Шаттық шеңбер құрады)<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ шытқан не керек,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>*Тілдік дамытушы орта*: өз бетінше кітаптарды қарауға,сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулуда<br>Суретпен жұмыс.<br>Әр маманның істейтін жұмысын сурет арқылы көрсету, әңгімелеу.<br>- жер жыртады.<br>- егінді жинайды.<br>-бидайды тасиды.<br>-ұн тартады.<br>-нан пісіреді.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*«Ұ» дыбысының дұрыс айтылуын нақтылау, бекіту.<br>Дыбыстық жаттығу:<br>-Балалар мыналар қандай әріптер?<br>-Қазақ тіліне тән әріптер.<br>-Қазақ тіліне тән әріптерді қалай айту крек?<br>-Дұрыс айту керек.<br>-Дұрыс айтылуын қайталайық!<br>-Лиза, тақтаға шығып дыбыстық жаттығу жүргіз.<br>Тапсырма: « Артық сөз» |

| | |
|---|---|
| | Ә - ТӘТТІ;<br>Ө - ӨТЕ;<br>Ұ - ҰН;<br>Ү - ҮЛКЕН<br>*Сөздік қор:* Тағамдар туралыөлеңді жаттап мәнерлі айтуды, тыңдап түсіне білуге үйрету.<br>Сергіту сәті.<br>Нан қиқымын шашпаңдар!<br>Жерде жатса,баспаңдар!<br>Теріп алып,қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар!<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* жуан және жіңішке сөздерді ажыратып, көпше түрде қолдануға үйрету.<br>«Мен. Сен. Ол.» қимылды ойыны<br>*Байланыстырып сөйлеу:* «Егінші мен қасқыр»ертегісін әңгімелей білуге баулу.<br>Нан дастарқанға қалай келеді? деген сұраққа жауап беру үшін бізге ертегі көмектеседі.<br>Осы кезде экранда суреттер ертегімен бірге көрсетіліп жатады. Тракторшының жер жыртып жатқаны, бидай тұқымын сеуіп жатқаны. Диқаншының суарып жатқаны. Комбайншының піскен егінді жинағаны. Жүргізушінің бидайды диірменге тасып жатқаны. Диірменшінің ұн тартып жатқаны. Ұнды нан зауытына апарып жатқаны. Наубайшының ұннан нан пісіріп жатқаны. Нан дүкенге түсіп жатқаны. Сатушы нанды халыққа сатып жатқаны.<br>Күтілетін нәтиже: Тақпақтарды мәнерлеп жатқа айтады.кітаптағы суреттерді жай сөйлеммен сипаттайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Сөздерді байланыстырып сөйлеуде ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | «Бата ұлттық тәлім-тәрбиенің бастауы» жарысқа балалармен жеке жұмыс |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Данабала»республикалықғылыми-ақпараттықжурналына(әдістемелікматериалдарайдары)пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Ата-аналармен әңгімелесу. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Шуақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Түстер»
Жоспардың құрылу кезеңі:23.05.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балалардың түстертуралы түсініктерін тереңдетіп, ажырата білуді пысықтау. Балаларға түстердің негізгі түсті топтастыруға үйрету: ақ, қызыл, сары, көк.<br>*Тілдік дамытушы орта:* ортақ тақырыпта әңгімелесу. Өз бетінше кітаптарды қарауға , өтініш, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.<br>Біз бүгін түстермен танысамыз, яғни ақ, қызыл, сары және көк түстерді есімізге түсіреміз.. Бұл төрт түрлі түс күнделікті өмірде өте көп кездеседі. Бұл түстерді атап айыра білуіміз керек. Бұл түстер мысалыға қызыл көйлек, көк алма, сары жапырақ деген сияқты атауларда кездеседі. Түрлі дидактикалық ойындар арқылы түстердің айырмашылығын, ерекшелігін ажырата білуге үйретеміз.<br>Танымдық ойын: Қызыл, сары, көк, ақ шарларды үрлеп таспаға ( лента ) байлау. Әртүрлі шарға өзіне түстес таспаны байлау керек.<br>— Қане, балалар біз енді әр шарға өзіне түстес таспаны байлауымыз керек.<br>Кітаппен бұрышында дәптермен жұмыс: «Түстерді қайтала,ата,боя»<br>Сергіту сәті:<br>Орнымыздан тұралық,<br>Алақанды ұралық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз бір демалып алайық.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* көрнекілікпен өзіне айтылған сөздерді түсінуге баулу.<br>Ұлттық ойын: «Асық ойыны»<br>Балалар енді екінші ойынымыз міне, боялған асықтар: қызыл, жасыл, ақ, сары. Осы боялған асықтарды түсіне қарай ажырата тізуіміз керек. Араластырылған асықтарды қорапшадан алып түс-түсіне қарай тізіп қоямыз.<br>*Сөздік қор:* Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу.<br>Қызыл — қуанышты көңіл — күй<br>Сары – жағымды көңіл — күй<br>Көк – жақсы көңіл — күй<br>Ақ – ашық көңіл — күй<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік)<br>*Байланыстырып сөйлеу:* Шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |

| | |
|---|---|
| | Күтілетін нәтиже: күнделікті жиі қолдантын сөздердің мәнін түсінеді. Еркін ойындарда таныс кейіпкердің рөлін сомдайды.Тақпақтарды жатқа айтады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Дені саудың -жаны сау» денсаулық күніне балалар дайындау |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | **«Ойлантап,қандай дыбыс»**<br>Бұлойынныңмақсаты:Дыбыстардыдұрыс,анықайтуғажаттықтыру.<br>Мынасуреттергеқара,олардыңаттарықандайдыбыстанбасталады?<br>«қоян,қасқыр,қолғап,қарға»т.с.с. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілікоқу бағдарламасына нұсқаулық»пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кітаптарға шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек» жеке бөбекжайы**

«Шуақ» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Алақай,жаз келді!»
Жоспардың құрылу кезеңі:30.05.2024 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Жаз туралы түсініктерін кеңейту. Тілге деген қызығушылықтарын арттыру.Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту.Схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдылындыру.Тіл мәдениетін калыптастыру.<br>Амансың ба нұрлы күн!<br>Амансың ба қара жер!<br>Аман –есен болайық!<br>Бейбітшілік қалайық! Амандасу түрлерін көрсетеді.(қолымен,басынан сипалап,бетінен ұстап,құшақтап)<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* тақырыптық сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру «ә», «ө», «қ»,«ү», «ұ»дыбыстарының артикуляциясын, дұрыс айтуын нақтылау және бекіту.<br>**«Ө»,«І»–дыбыстарынаарналғанфонетикалықойын.**<br>Бір күні қоян үлкен, тәтті сәбіз тауып алып, оны жей бастайды. Жақын маңда кәрі аю тұратын. Міне, керемет?! Сәбізді жеп отырған қоянды көре сала, оның да сәбіз жегісі келді. Қоян өте мейірбан көрші болатын,сондықтандааюғасәбізіненбөліпберді.Ал,тәттіқұмараюөзініңкарттығын ұмытып кеткен болуы керек, сәбізді жей бастады. Бір уақытта оның тісі ауыра бастады. Табанын оң жақ бетіне қойып: «ө-ө» ыңырай бастады. Қоян аюдың ауырғанына күлкісі келіп,аюды «і-і-і» деп мазақтай бастады. Бір уақытта не болғанын түсініп аюға көмектесті.<br>Балалар, ендеше, біздер де тісіміз ауырып тұр деп елестетейік, тісімізді басып аю мен қоян секілді айтып көрейік.<br>Осы дыбыстарды дұрыс айтуға көмектескен аю мен, қоянға рахмет айтайық. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйретуге бағытталған ойындар мен жаттығуларда, баламен жеке жұмыс жасауда дыбыстарды дұрыс айтуға ерекше көңіл бөлінуі керек. Себебі: бір бала ол дыбысты айта алмайды, екінші бала дыбысты айтқанмен сөз ішінде анық айта алмайды, үшінші бала дұрыс, анықайтады. Дыбыстың қиындығынақарайбалаларды әр топқа бөліп кезекпен айтқызған жөн.<br>Есту қабілеттерін жетілдіруге, сөз ішіндегі дыбыстарды анық айтуға ұсынылатын |

| | |
|---|---|
| | ойындар<br>*Сөздік қор:* баланың сөздік қорын дамытуда жаз туралы тақпақ жаттату.<br>Маусым мағыналы болсын,<br>Шілденің шырайы кірсін,<br>Тамыз тамылжып тұрсын<br>Күн де ысып,шөп пісіп<br>Ел пішенін орады.<br>Бұл қай кезде болады?(жаз)<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*өз бетімен жай сөйлем құрастыруға, сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>-Балалар бір сәт өзімізді – сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.<br>-Айнала қандай?<br>Дала қандай?<br>-Ал ағаштар ше?<br>-Ауа қандай?<br>-Терезеге не түсіптұр бар?<br>Жазқандайболады? (ыстық, Демалады .Шомылады ,Күнгекүйеді) көңілді,т.б<br>Жазда бау-бақшада не өседі?<br>-Яғни, мұныңбарлығықайкездеболады? (балалардыңжауабы<br>Жылдыңтөртмезгілібар: ..., ..., ..., ... .<br>Біржылда ... ай бар.<br>Жазайлары: ..., ..., ... .<br>Еңыстықжылмезгілі: ... .<br>Қазіржаздыңалғашқыайы<br>*Байланыстырып сөйлеу:* жаз туралы суреттерін қарастыра отырып әңгімелеп беруге дағдыландыру.<br>Схема бойынша әңгініңжоспарынқұру.<br>1 схема «Жылмезгілі мен ауа-райы»<br>Суреттеқандайжылмезгіліберілген?<br>Сен оны қайданбілдің?<br>2схема «Жазғатабиғаткөрінісі»<br>Ағаштарданебайқадың .Жерденнекөрдің.<br>3схема «Жазайлары»<br>Күтілетін нәтиже: Тақпақтарды мәнерлеп жатқа айтады.кітаптағы суреттерді жай сөйлеммен сипаттайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Ән- көңілдің ажары» ән байқауына балалар дайындау |

| | |
|---|---|
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Мнемокестелер бойынша жабайы аңдар туралы байланыстырып әңгіме  құрастыру.<br>1.Мынауқоян.Ол-жабайыаң.<br>2. Қоянныңжылыжүнібар. Қыста-ақ. Жазда–сұр.<br>3.Қоянсәбіз,орамжапырақжақсыкөреді. 4.Қоян ормандамекендейді.<br>5.Қоянныңбаласыкөжек. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілікоқу бағдарламасына нұсқаулық»пайдалану. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кітаптарға шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |